**«Обаған жалпы білім беретін мектебі»КММ.Мектеп психологының жылдық талдау есебі**

2024 -2025 оқу жылында психологиялық қызмет бойынша жүргізілген жұмыстардың

ТАЛДАУ ЕСЕБІ

**Психологиялық зерттеу** – білім алушылардың жеке тұлғалық психологиялық – педагогикалық ерекшеліктерін білу.

**Мақсаты:**

- Оқу және даму мәселесіндегі пайда болған себептерді табу;
- Түзету жұмысы барысында сүйенуге болатын жеке тұлғаның күшті жағын, оның қосымша мүмкіншілігін анықтау;
- Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, білім беруді ұйымдастыруда қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және оқу процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету болып табылады.

Міндеттері:

1) ата-аналарының қалауымен және рұқсатымен ғана білім алушыларды психологиялық бақылауды және сүйемелдеуді жүзеге асыру;

2) білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың дамуының әлеуметтік жағдайына мониторинг жүргізу;

3) негізгі проблемаларды талдау және олардың туындау себептерін, оларды шешу жолдары мен құралдарын анықтау;

4) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына, табысты әлеуметтенуіне, өзін-өзі дамыту және кәсіби өзін-өзі анықтау қабілетін қалыптастыруға жәрдемдесу;

5) білім алушылардың психологиялық және әлеуметтік қиындықтары мен проблемаларының алдын алу;

Мектептегі психологиялық қызмет төмендегідей бағыт бойынша жүргізіледі:

I. Диагностикалау;

II. Түзету - дамыту жұмысы;

III.Профилактика және психологиялық ағарту;

IV.Консультация жүргізу;

V.Ұйымдастыру - әдістемелік жұмыс.

Диагностикалау бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар:

1.Балалардың мектепте оқуға дайындығы. Диагностикалық жұмыс бастауыш сыныпқа келген оқушылардың оқуға деген дайындығын және эмоционалдық дайындығын анықтау мақсатында жүргізілді. 1 сыныптарда 6 оқушы зерттеуге қатысты. Нәтижесінде:

1 сыныбы бойынша қатысқан оқушы саны - 6, жоғары деңгей - 50%, орташа деңгей – 33,3%, төменгі деңгей – 16,6% көрсетті.

Төмен деңгейді көрсеткен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізіліп, мектепке бейімделуі мен сабақтағы үлгерімдерін бақылау керектігі сынып жетекшілерге ұсынылды .

Сонымен қатар 1-сынып оқушыларының психологиялық дамуына арналған есті, зейінді(тұрақтылығы,шуйлігуі), кеңістікті(қабылдауды,елестетуі),есту сезімі, көріп қабылдауды, үлгіні салыстыру, ойлау(заңдылықты қалыптастыру, ұғымдық қатынас),қиялды дамытуға бағытталған сабақтар жүргізілді. Танымдық деңгейлерін дамытуға арналған жаттығулар(жұмбақтар, жаңылтпаштар, аяқталмаған әңгіме т.б) жасауға кеңестер берілді.





Баланың мектепке бейімделуін диагностикалау мақсатында «Жануарлар мектебі» әдістемесі алынды.Қорытындысы сынып жетекшілермен таныстырылды.

Отбасында қалыптасқан қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау мақсатында «Отбасы суреті» әдістемесі алынып, нәтижесі бейімделуде қиындықтары бар, отбасылық қобалжу байқалған оқушылардың жұмыстары ата-аналарымен таныстырылып кеңес берілді. Ата-аналарға бейімделудің ерекшеліктері және қиындықтары туралы жадынама, кеңестер жіберілді және «Менің балам бірінші сыныпқа барды!» тақырыбында кеңестер берілді.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне баланың мектептегі оқуға бейімділігі мәселесінің теориялық негіздері туралы білім беру мақсатында «1-сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» тақырыбында дәріс берілді.

1.«Оқу мотивациясын анықтау» әдістемесі жүргізілді.

Мақсаты:Оқушылардың оқуға бейімделуі сәтті өтуін, білімге деген қызығушылығын ояту, жаңа пән мұғалімдерімен қарым-қатынас жасауға үйрету.

Зерттеу қорытындысы бойынша: 5 сыныбында 33,3 % жоғары деңгейді,44,4 % ортаңғы деңгейді, 11,1%төменгі деңгейді көрсетті.





5 сыныбының «Мұғалімді қалай қабылдайсың?» сауалнамасының қорытындысы:

«Оқушылардың орта буынға бейімделуін анықтау» сауалнамасы алынды.

Мақсаты: Бастауыш сыныптың орта буындағы оқуы табысты болу үшін жағымды жағдай жасау. Ең бастысы - орта буынға бейімделу кезінде балаға көмектесу, оны психологиялық жағынан дамыту.Қорытындысы бойынша:

«Балаңыздың 5-ші сыныптағы ерекшеліктері» тақырыбында сауалнама алынды. Мақсаты: Ата-ананың балаларының орта буындағы ұстаздарымен қарым-қатынасын анықтау.

Қатысқан ата-ана саны – 9

[redacted]

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Балаңыз мектепке қызығушылықпен барады ма? | «Иә» | Жоқ | |
| | | 100% | - | |
| 2 | 5-ші сынып барысында сіздің балаңыздың мектепке көзқарасы өзгерді ме? | 88,8% | 11,1% | |
| 3 | Сіздің балаңыз қандай сабақтарға қызығушылық білдіреді? | Қазақ тілі – 33,3%<br>Қазақ әдебиеті-55,5%<br>Орыс тілі- 44,4%<br>Ағылшын – 44,4% | Дене шын-100%<br>Музыка-100%<br>Технология-100 % | |
| 4 | Қай сабақтың үй тапсырмасын балаңыз тез орындайды? | Қазақ тілі – 44,4%<br>Қазақ әдебиеті-66,6%<br>Орыс тілі- 55,5% | Ағылшын-33,3%<br>Матем-77,7% | |
| 5 | Қай сабақтың үй тапсырмасын балаңыз жай және еріксіз орындайды? | Қазақ тілі - 7%<br>Қазақ әдеб.- 7%<br>Орыс тілі- 28,5 % | Ағылшын-33,3%<br>Матем - 35,7% | |
| 6 | Сізүй тапсырмасын тексересіз бе? | Әрқашан 66,6% | Кейде 22,2% | Қажет деп есептемеймін |
| 7 | Сіздің балаңыз таңертең сабаққа барады | Ынтамен100% | Еріксіз | Көңілсіз |
| 8 | Балаңыздың оқ барысында Сізді не уайымдатады? | Жаңа қосылған пәндерді өз деңгейінде меңгере алмауы. | | |
| 9 | Сіздің ойыңызша, оны қалай түзетуге болады? | Ұстазбен ата-ана арқылы, бірге дайындау. | | |

Қорытындысы төмендегідей:

7 - сыныптың оқушыларынан «Өзін-өзі бағалау» сауалнамасы алынды.

Қорытындысы бойынша:

7 сыныптарда өзін-өзі бағалауы жоғары - 83,3%, өзін-өзі бағалауы орташа – 16,6%, өзін-өзі бағалауы төмен - 0%.

5 - 8 сынып оқушыларынан «Темпрамент тесті». Нәтижесі төмендегідей:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | **Холерик** | 9 | 2 |
| | **Сангвиник** | | 4 |
| | **Флегматик** | | 3 |
| | **Меланхолик** | | 0 |
| 6 | **Холерик** | 12 | 5 |
| | **Сангвиник** | | 4 |
| | **Флегматик** | | 1 |
| | **Меланхолик** | | 2 |
| 7 | **Холерик** | 6 | 1 |
| | **Сангвиник** | | 2 |
| | **Флегматик** | | 2 |
| | **Меланхолик** | | 1 |
| 8 | **Холерик** | 3 | 1 |
| | **Сангвиник** | | 1 |
| | **Флегматик** | | 1 |
| | **Меланхолик** | | 0 |

11 - сынып оқушыларынан «Стресске төзімділік» сауалнамасы алынды.

-3 сыныптардан «Төртінші артық» әдістемесі жүргізілді.

Мақсаты: Сөздік логикалық ойлауының даму деңгейін анықтау. Зерттеу қорытындысы: бойынша оқушылардың 55,5 % жоғары деңгейді, 33,3% орташа деңгейді, 11% төменгі деңгейді көрсетті.

4 - сынып оқушыларынан «Оқушының мектепке, мұғалімдерге, пәндерге қарым-қатынасын зерттеу»сауалнамалары алынды.

Ұстаздарға мектеп әкімшілігі тарапынан керекті әдістемелік көмекті және тығыз қарым-қатынаста болу керектігі жайлы ұсыныс берілді.

Жасөспірімдердің эмоционалдық еріктік аймағын анықтау мақсатында 7-11сынып аралығында «Бек» сауалнамасы, «Зунг» әдістемесі, «Стресс саған қалай әсер етеді?». (Э.Ховард), Үрей деңгейін анықтау әдістемесі Тейлор шкаласы бойынша алынды. Нәтижесінде аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушылар анықталған жоқ.

**Түзету - дамыту жұмысы:**

1 сыныптар бойынша мектепке дайындығы төмен деңгейді көрсеткен оқушылармен психологиялық түзету жұмыстары жүргізілді. Соның ішінде көп көңіл бөлуді қажет ететін оқушылармен «Керн-Йерасек» тестінің 4-тапсырмасы ауызша сұрақтар бойынша түзету жұмыстары жүргізілді. «Менің отбасым», «Саусақтардың ұсақ буындарын дамыту», «Менің көңіл-күйім бейнесі» жұмыстары алынды. Мақсаты: Баланың мінез-құлқындағы агрессиясын төмендете отырып, сабаққа деген қызығушылығын ояту, эмоциялық көңіл-күйін дамыту.

Әр түрлі суреттерді көрсету арқылы баланың танымдық процесінің даму деңгейін анықтау мақсатында «Суреттердің ұқсастарын тап», «Мен білемін және білмеймін» тақырыптарында зерттеулер жүргізілді. Қорытындысы бойынша даму деңгейі - орташа деңгей.

5 - ші сынып оқушылар арасындағы орта буынға бейімделуі төмен оқушылармен «Өмірде жоқ жануар», «Мінез - құлқындағы ерекшеліктері» атты тақырыптарда тренингтер жүргізілді.

Ата - аналармен «Сұрақ - жауап», «Менің баламның қызығушылығы», «Мектеп - бала - ата-ана» тренинг жаттығулар жүргізілді.

8 - 11 сынып оқушыларымен «Менің ағашым»,, «Араллағы адам», «Сұрақ - жауап», «релаксациялық және кинесиологиялық жаттығулар жүргізілді.

**Профилактика және психологиялық ағарту:**

Жеткіншек жастағы оқушылардан «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» атты тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді. Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, оларды жаман әдеттерден аулақ болуға баулу, зорлық-зомбылықтан, қатігездіктен аулақ болуға тәрбиелеу.

Оқушылардан аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Жасырын сауалнамасы», «Мен өмірді сүйемін», «Аяқталмаған сөйлем» тақырыбында шығармалар жазды. «Менің көңіл-күйім» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді.

7-11 сынып аралығындағы қыздармен «Қыз қылығымен әдемі» атты іс-шара өтті. Мақсаты: мектеп жасындағы оқушы қыздардың бойына адамгершілік, инабаттылық, ибалылық, сыпайылық қасиеттерді сіңдіру.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдерге қатысты жыныстық қатынастағы күш қолдануға жол бермеу мақсатында «Зорлықсыз зомбылықсыз балалық шақ!» тақырыбында дәріс жүргізілді.

5-11 сынып оқушыларына «Кибербуллинг дегеніміз не? Өлімжеттік немесе буллинг дегеніміз не?» түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға ғаламтордағы зияны туралы, денсаулыққа әсері туралы түсінік беру мақсатында «Қауіпсіз интернет» тақырыбында психологиялық ағарту сабағы жүргізілді.

5-11 сынып аралығында стреске қарсы тұруы, сенімді мінез-құлық дағдысын арттыру, өзін-өзі реттеуін, өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру мақсатында «Стресті қалай жеңуге болады?» әңгіме жүргізілді.

Педагогтарға «Бастауыш сынып оқушыларының қабылдау процесінің ерекшеліктері», «Бастауыш сынып оқушыларының ес,ойлау,зейін қабілеттерінің ерекшеліктері туралы түсінік» дәріс берілді.

- Сұраныс бойынша, зерттеу қортындылары нәтижесі бойынша жеке немесе топтық түзету, тұлғалық өсуін түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

**Консультация жүргізу бойынша жұмыстар:**

Мектептегі жас мамандармен «Іскерлік қарым-қатынас», «Менің мамандықтағы образым» тақырыптарында кеңестер көрсетілді. Мақсаты: Кәсіби іс-әрекеттердің эффективті индивидуалды стилін қалыптастыру, оқушылармен, мектеп әкімшілігімен, әріптестермен ойдағыдай қарым-қатынас жасай алуына көмек беру.

Ата-аналармен «Сұрақ - жауап», «Менің баламның қызығушылығы», «Отбасылық құндылық ағашы», «Мектеп-оқушы-ата-ана» психологиялық кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

8 сынып оқушыларының ата - аналарына жеке психологиялық кеңестер берілді.

5 сынып оқушыларына орта буынға бейімделуіне байланысты «Менің бастауыш сыныптағы ең қызықты кезеңдерім», тақырыптарда кеңестер көрсетілді.

11 сынып оқушыларымен «Мамандық таңдау өмірлік жол», «Адам қалай өзіне сенімді бола алады?», «ҰБТ-ға дайындалудың тиімді жолдары», «ҰБТ барысында адам өзін қалай ұстау керек?» тақырыптарында кеңестер берілді.

9 - 11 сынып оқушыларына мамандық таңдауда көмектесу мақсатында «Мамандық таңдаудағы негізгі мотивтер», «Мамандық таңдаудағы ең кең тараған қателіктер», «Мамандық таңдау бойынша ата-аналарға арналған жадынама» таратылып, психологиялық кеңестер берілді.

«Оқушыларға көңіл - күйлерін басқаруға кеңес беру» тақырыбында 1 - 4 сынып оқушыларына бейнеролик көрсету арқылы кеңестер берілді.

«Өзін - өзі бағалау мен тәрбиелеу дағдыларының қалыптасуы», «Оқушыларға кибербуллинг туралы түсінік беру» тақырыбында 5 - 11 сынып оқушыларына кеңестер берілді.

Педагог - психолог: Жаркенова Г.М